

МРНТИ 18.31.21

**Андас Керімбай<sup>1</sup>**<sup>1</sup>*Қазақ Ұлттық өнер университеті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан***ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕР ХАҚЫНДА****Аннотация**

Ескерткіштер архитектуралық кеңістікті толықтырып қана қоймай, сонымен қатар сол кеңістік пен қаланың сәнін келтіріп, тарихын, мәдениетін айшықтап тұрады. Яғни, белгілі бір мекеннің бренді бола алады. Ұлттық бренді, ұлттық кодты насихаттайтын құрал, қаланың көркін келтіретін туынды деуге болады. Яғни, функциясы өте көп, және де үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бұл өз кезегінде басқа да жақын салалардың дамуына өз үлесін тигізетіні сөзсіз. Атап өткенде: туризм, рухани құндылық, ұлттық насихат, қаланың көркі, тарихы, мәдениеті. Әсіресе, бұл мәселе қазіргі таңда өзекті болып келеді. Және де «Рухани жаңғыру» атты мемлекет бағдарламасымен сабақтасады. Сыбайлас жемқорлықсыз әр маман өз ісін тиянақты, сапалы, заманауи талаптарға сай орындап отырса, және де тапсырыс беруші мекеме де өз ісіне аса жауапкершілікпен қарап, жобаларды сәтті орындап отырса, ескерткіштердің сапасы артар еді, қала тез көркейер еді, ұлттық бренд тез қалыптасар еді. Төменде Тараз қаласында орналасқан Үш би, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің алдындағы мүсін ансамблі мен Жамбыл Жабаевтың мүсіндік ескерткіштерінің сипаттамалары және оларға субъективті пікірлер жазылды.

**Түйінді сөздер:** Ескерткіш, мүсін, ұлттық бренд, ұлттық код.**Керімбай Андас<sup>1</sup>**<sup>1</sup>*Казахский национальный университет искусств  
Нур-Султан, Казахстан***О ПАМЯТНИКАХ В ТАРАЗЕ****Аннотация**

Памятники не только дополняют архитектурное пространство, но и украшают пространство и город, подчеркивают его историю и культуру. То есть это может быть брендом конкретного места. Памятник это инструмент продвижения национального бренда, национального кода, это произведение украшающий город. То есть у него много функций и на нем лежит много ответственности. Это, в свою очередь, будет способствовать развитию других смежных отраслей. В частности: туризм, духовные ценности, национальная пропаганда, красота, история и культура города. Этот вопрос особенно актуален сегодня. Это также связано с государственной программой «Рухани жаңғыру». Если бы каждый специалист выполнял свою работу без коррупции, в соответствии с требованиями высокого качества, современности, а заказчики были бы очень ответственными и успешно реализовывали проекты, то качество памятников будет повышаться, город процветать и формироваться национальный бренд. Ниже представлены три танца, находящиеся в Таразе, М.Х. Характеристика скульптурного ансамбля перед Таразским областным университетом имени Дулати и скульптурных памятников Жамбыла Жабаева и их субъективные оценки. Ниже приведены описания и субъективные мнения для памятника трех биев в Таразе, скульптурного ансамбля перед Таразским областным университетом имени М.Х. Дулати и памятника Жамбылу Жабаеву.

**Ключевые слова:** Памятник, скульптура, национальный бренд, национальный код.**Kerimbay Andas<sup>1</sup>**<sup>1</sup>*Kazakh National University of Arts  
Nur-Sultan, Kazakhstan***ABOUT THE MONUMENTS IN TARAZ****Abstract**

Monuments complement the architectural space and decorate the space and the city, emphasizing its history and culture. That is, it can be a brand of a particular place. A monument is a tool for promoting the national brand, the national code, and it is a work that adorns the city. That is, he has many functions and a

lot of responsibility. It, in turn, will contribute to developing other related industries. In particular: tourism, spiritual values, national propaganda, beauty, history and culture of the city. This question is especially relevant today. It is also connected with the state program "Rukhani Zhangyru". If every specialist did their job without corruption, following the requirements of high quality and modernity, and if the customers were very responsible and successfully implemented projects, then the rate of monuments would increase, the city would flourish, and a national brand would be formed. Below are three dances located in Taraz, M.Kh. Characteristics of the sculptural ensemble in front of the Taraz Regional University named after Dulati and the sculptural monuments of Zhambyl Zhabaev and their subjective assessments. Below are descriptions and personal opinions for the memorial of three biys in Taraz, the sculptural ensemble in front of the Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati and the monument to Zhambyl Zhabaev.


**Keywords:** Monument, sculpture, national brand, national code.

Үш би ескерткіші. 2021 жылы Жамбыл соты ғимаратының алдында орнатылды (1 сурет). Биіктігі – 3,5 метр. Ескерткіштің авторы – Темірхан Көлжігіт. [1]

Ескерткіш жайлы сөз қозғайтын болсақ сәтсіз сомдалған десек болады. Салыстырмалы түрде алып қарасақ Атырау мен Нұр-сұлтандағы үш биге арналған ескерткіштерге қарағанда төмен деңгейде сомдалған. Себебі, бет әлпетінде, шапанның қыртыстарында ағаттық жіберген және саусақтары анатомиялық тұрғыда бұрыс, яғни «өтірік» сомдалған. Комиссия мүшелері бұл ескерткішегі бұрыс шыққан тұстарын қалай байқамады? Көре тұра неге қабылдады екен? Және де тағы бір өрескел қателік деп темір қоршаудың арғы жағында орналасқанын айтуға болады. Неге бұлай орналысқаны түсініксіз. Ескерткіш халыққа ортақ және тамашалауға қолжетімді болуы керек. Ал ескерткіш бұл талаптарға сай келмейді.



1 сурет. Үш би ескерткіші 1



2 сурет. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің алдындағы мүсін ансамблі

Осындай сәтсіз шыққан үш биге арналған ескерткіштер елімізде бірнешеуі бар. Солардың бірі болып Қарағанды мен Көкшетау қаласында орналасқан ескерткіштерді айтсақ болады. Тараздағы үш бидің ескерткішіне төмен баға бердік.

Осындай сәтсіз шыққан үш биге арналған ескерткіштер елімізде бірнешеуі бар. Солардың бірі болып Қарағанды мен Көкшетау қаласында орналасқан ескерткіштерді айтсақ болады. Тараздағы үш бидің ескерткішіне төмен баға бердік.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің алдындағы мүсін ансамблі хақында. Ол Сүлеймен көшесіндегі «Жастар» аллеясында орналасқан (2 сурет). Мәрмәр тастан жасалған. Мүсіннің пропорциясы, сұлбасы, адамға ұқсастығы төмен дәрежеде сомдалған. Яғни, авторы (орындаушылары) кәсіби мүсінші емес десек болады. Себебі, бұл мүсін ансамбліндегі қай мүсінді алып қарамасақ, төмен деңгейде сомдалған. Бұл өз кезегінде аллея мен қаланың көркін, сәнін құртып тұр. Бұл мүсіндік ансамбль архитектуралық кеңістікте үйлеспей тұр. Оны айту үшін кәсіби маман болудың қажеті жоқ. Себебі, қала тұрғындары бұл мүсіндерге өзінің тиісті бағасын берген. Жоғарыда атап өткендей бұл мүсін ансамблін сомдаған және мүсіндерді

кабылдап алған комиссия мүшелеріне көп сұрақ бар. Тараз қаласында, әсіресе ескерткіштерді жасау саласында сыбайлас жемқорлықтың қаншалықты етек жайғанын түсінуге болады.

Келесі ескерткіш ол Жамбыл Жабаевқа арналған ескерткіш. Жамбыл Жабаевтың ескерткіші алғашында 1961 жылы ақынның туғанына 115 жылдығына орай Тараз қаласының Орталық қалалық базарына қарама-қарсы бетінде орнатылды. Ал қазір Жамбыл облысының әкім аппараттының алдындағы скверде орналасқан.

Жобаның авторы: мүсіншісі Қазақ КСР-нің халық суретшісі Хакімжан Есімханұлы Наурызбай. Сәулетші: В.Сашенко.

Мүсін Ленинградта қоладан құйылып, Таразға жеткізілген. Фигураның биіктігі – 4 метр, тұғырының биіктігі – 4,3 метр. Ал қазір жаңа тұғырдың биіктігі 6 м. [2] (3 сурет)

Жамбыл Жабаев қазақтың дәстүрлі ұзын етек шапан мен тымақ, сол қолында домбырасы бар, оң қолы шетке бағытталған кейпінде бейнеленген. Алғашында ақынның мүсіні қызғылт гранит тақталармен қапталған биік төртбұрышты гранит тұғырда тұрған еді. Содан кейін қала әкімдігі Жамбыл Жабаевтың ескерткішін жаңартып, көшіру туралы шешім қабылдады. Оның қазіргі орналасқан жері – Жамбыл облысы әкімдігінің алдындағы алаң. Яғни, 2018 жылдың қазан айында ауыстырылды. Орны ауысқанынан бөлек тұғыры өзгертілді. Ескерткіштегі «Жамбыл» деген жазу латын тілінде жазылды.



3 сурет. Жамбыл Жабаев ескерткіші

Хакімжан Есімханұлы Наурызбаевтың бұл мүсіні жайлы сыни пікір айту артық болар. Қала тұрғындарының оң бағасын алған. Біз де оң баға бердік. Қазіргі қойылып жүрген ескерткіштерге үлгі боларлық туынды деп есептейміз.

Сөзсіз эскизден бастап ескерткіш орнатылғанға дейін мүсін көптеген этаптардан, бірнеше маманның қолынан өтеді. Әр этапта белгілі бір қате кетуі мүмкін, ал ол өз кезегінде кейінгі этаптарға кесірін тигізеді. Бірақ бұл қателерге қарамастан мүсінді қабылдап алатын комиссия құрамы аса мұқият болуы керек. Себебі, бұл ескерткіштер елімізде бірнеше ғасырлар бойы қалаларымыздың сәнін келтіріп қана қоймай, болашақтағы бірнеше буынаға ұлттық кодты насихаттайтын, қаланың көркін келтіретін ұлттық брендтің бірі болып келеді. Яғни, функциясы өте көп, жене де үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Біздің ойымызша ескерткіштер конкурс барысында халықтың арасыда сауалнама жүргізу керек. Бұл өз кезегінде сапалы, ұтымды ескерткіштерге және әділ конкурға жол береді.

### ***Әдебиеттер тізімі***

1. Таразда үш биге еңселі ескерткіш қойылды [Мәтін]. [Интернеттен] [Дәйексөзделген: 13.03.2022] URL мекенжайы: [https://www.inform.kz/kz/tarazda-ush-bige-enseli-eskertkish-koyyldy\\_a3875004](https://www.inform.kz/kz/tarazda-ush-bige-enseli-eskertkish-koyyldy_a3875004)
2. Жамбыл Жабаевқа арналған ескерткіш [Мәтін]. [Интернеттен] [Дәйексөзделген: 13.03.2022] URL мекенжайы: <https://qazaqstan3d.kz/ru/place/view?id=43>

### ***References (transliterated)***

1. A monument to three judges was erected in Taraz [Text]. [On the Internet] [Quoted: 13.03.2022] URL: [https://www.inform.kz/kz/tarazda-ush-bige-enseli-eskertkish-koyyldy\\_a3875004](https://www.inform.kz/kz/tarazda-ush-bige-enseli-eskertkish-koyyldy_a3875004)
2. Monument to Zhambyl Zhabayev [Text]. [On the Internet] [Quoted:13.03.2022] URL: <https://qazaqstan3d.kz/ru/place/view?id=43>

**Автор туралы мәлімет:**

*Керімбай Андас Батырбекұлы – Қазақ Ұлттық өнер университетінің магистранты. Ғылыми жетекші: Мухаметжанов Бақытбек Акажанұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.*

**Сведения об авторах:**

*Керимбай Андас Батырбекулы – магистрант Казахского национального университета искусств. Научный руководитель: Мухаметжанов Бақытбек Акажанулы – кандидат педагогических наук, профессор.*

**Information about the author:**

*Kerimbay Andas – Master's student of the Kazakh National University of Arts. Scientific director: Mukhametzhanov Bakhytbek Akazhanovich – Candidate of Sciences in Pedagogy, professor.*